



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№17 (821) Сәрсенбі 26 сәуір 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



ҚАЗАҚСТАН-ЧЕХИЯ БИЗНЕС-ФОРУМЫ: құны 230 млн. еуро келісімге қол қойылды

Қасым-Жомарт Тоқаев Петр Фиаланың елімізге жасаған алғашқы ресми сапары екіжақты қатынастарды нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді. «Чехия Республикасынан энергетика, машина жасау, көлік, ауыл шаруашылығы, қаржы, медицина өнеркәсібі және фармацевтика секілді экономиканың түрлі салаларына құйылатын инвестицияны құптаймыз. Сондай-ақ, елдеріміздің астаналары арасында тікелей әуе қатынасын ашамыз деп сенеміз», – деді Мемлекет басшысы.

Астанадағы Қазақстан-Чехия бизнес-форумының қорытындысы бойынша Skoda Transportation компаниясымен, EGAP экспорттық сақтандыру агенттігімен, Чехияның экспорттық банкімен, Tnpsco компаниясымен жалпы құны 230 млн. еуроны құрайтын меморандумға және басқа да құжаттарға қол қойылды.

Іс-шараға екі ел Үкіметтерінің басшылары Әлихан Смайылов пен Петр Фиала, мемлекеттік сектордың, ұлттық компаниялар мен іскер топтардың өкілдері қатысты. Бизнес-форум аясында пленарлық отырыс өтті және B2B форматында екіжақты кездесулер болды.

Әлихан Смайылов өз сөзінде қазіргі уақытта республика аумағында 200-ге жуық бірлескен

кәсіпорын жұмыс істейтінін атап өтті.

«Чех бизнесінің Қазақстанда бірлескен жобаларды іске қосуға қызығушылық танытуы – біздің еліміздегі қолайлы инвестициялық ахуалдың шынайы көрінісі. Бізде серпінді инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін барлық қажетті алғышарттар бар», – деді Әлихан Смайылов.

Ол Қазақстан инвестиция тарту бойынша Орталық Азияда көшбасшы болып қала беретінін еске салды. Осылайша, тәуелсіздік жылдарында республика 410 млрд доллардан астам тікелей шетелдік инвестиция тартуға қол жеткізді.

«Біздің стратегиялық міндетіміз – 2029 жылға дейін тағы 150 млрд доллар инвестиция тарту. Еліміздегі инвесторлар үшін салықтық жеңілдіктер,

кедендік төлемдерден босату және т.б. түрлі мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған. Экономиканың басым секторлары үшін бөлек арнайы экономикалық және өнеркәсіптік аймақтар бар. Олардың қатысушылары барлық қажетті инфрақұрылым мен жеңілдіктер пакетін алады», – деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысы инвестиция тартудың маңызды алаңына айналған, тиісті қаржы құралдары мен қызметтерінің толық жиынтығына ие «Астана» халықаралық қаржы орталығының қызметін ерекше атап өтті. Орталықтың табысты жұмысының дәлелі – онда қазірдің өзінде әлемнің 73 елінен 1800-ден астам компания тіркелген.

Сөз соңында Әлихан Смайылов Астанада өтіп жатқан бизнес-форум Қазақстан мен Чехияның өзара сауда-экономикалық қарым-қатынастарын тереңдетуге тың серпін беретінін атап өтті.

«Біздің форум аясында 230 млн. еуро сомасындағы бірқатар құжаттарға қол қойылуда. Соның негізінде түрлі бірлескен жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр. Біз чехиялық әріптестермен инвестициялық ынтымақтастығымызды одан әрі тереңдетуге дайынбыз және ниеттеміз», – деп түйіндеді сөзін Премьер-Министр.

ҚАУЫМДАСТЫҚ ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжановпен және ҚР «Көкпар» федерациясының президенті Бауыржан Исабаевпен кездесті.

Кездесу барысында ұлттық спортты дамыту, бұқаралық сипатын арттыру мәселелері талқыланды. ҚР Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов Сыр өңірінде бәйге чемпионатының жоғары деңгейде ұйымдастырылғанына алғыс білдірді. Алдағы уақытта ұлттық спорт жарыстары кәсіби деңгейде өткізілетінін атап өтті.

Айта кетейік, қазіргі таңда Қызылорда облысында 8 ұлттық спорт түрі (асық ату, жекпе-жек, казак күресі, көкпар, тенге ілу, тоғызқұмалақ) бойынша 26396 спортшыны 797 жаттықтырушы тәрбиелеуде. Оның ішінде, ат спорты бойынша «Қызылорда облыстық ұлттық ат спорты федерациясы»

қоғамдық бірлестігі, «Көкпар» федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы, «Қызылорда облысының бәйге федерациясы» қоғамдық бірлестіктері тіркелген.

Сонымен қатар, өңірде ұлттық спортты дамыту мақсатында Қызылорда қаласынан 2018 жылы «Ұлттық және ат спорты түрлері бойынша спорт клубы» КММ құрылып, қазіргі таңда 7 спорт түрі бойынша (казак күресі, жамбы ату, тенге ілу, аударыспақ, тоғызқұмалақ, асық ату, ұлттық жекпе-жек) 12 жаттықтырушы-оқытушы 407 спортшыны баулууда.

ПРЕЗИДЕНТ БЕРГЕН ТАПСЫРМАЛАР НАҚТЫЛАНДЫ

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен облыс активінің отырысында әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері бойынша кеңейтілген мәжілістегі Мемлекет басшысы айқындаған экономикалық дамудың сегіз бағыты бойынша мақсат-міндеттер талқыланды.

Облыс әкімі аталған шаралардың түпкі нәтижесі тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру, халық табысын ұлғайту және жана жұмыс орындарын ашу, инфрақұрылымды одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты жаңғырту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адами капиталдың жай-жақты дамуы үшін мүмкіндіктерді кеңейту екенін айтты.

«Ең бірінші, Мемлекет басшысы азық-түлік тауарларын өндіру мен баға тұрақтылығына тоқталды. Елімізде өндірілетін ауыл шаруашылығы тауарлары ішкі сұранысты толық қамтамасыз етпейтіндіктен, тұрақтандыру қорлары мен азық-түлік корпорациясының жұмысын күшейтуді тапсырды. Азық-түлік бағасының негізсіз

өсу фактілері тіркелген жағдайда баға белгілеудегі делдалдық тізбектерді тексеру жөніндегі шараларды қолдануы керек. Өңірде жанадан көкөніс сақтайтын қоймалар салып, тиімді сауда-логистикалық инфрақұрылым құру қажет. Қазір тек Жаңақорған ауданында сыйымдылығы 2500 тонна болатын «Жан-Арай» жеміс сақтау қоймасы бар агроиндустриалды кешен іске қосылған. Быыл Қызылорда қаласында «Ағау Food» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сыйымдылығы 4000 тонналық көкөніс сақтау қоймасының құрылысы басталып, оны жыл аяғына дейін іске қосу жоспарлануда. 2025 жылға дейін облыстың көкөніс сақтау қуаттылығын 21 мың

тоннаға дейін жеткізуіміз керек», – деді Н.Нәлібаев.

Мұнан бөлек, аймақ басшысы жауапты сала басшыларына Қызылорда қаласы мен аудандар бойынша егін етуге ынта білдірген тұрғындарға жер телімдерін бөліп, қолдау көрсетуді тапсырды. Шағын және орта бизнесті қолдау жұмысы бірінші кезекте халық тұтынатын тауарларға және ішкі нарықты қамтамасыз ететін өндірістер ашуға бағытталуы тиіс. Инвестиция тарту және коммуналдық инфрақұрылым жүйесін жаңарту бойынша нақты ұсыныстар берілуі керек. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету, білім сапасын көтеру және зорлық-зомбылықтың алдын алу, жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша да бірқатар міндет жүктелді.

Ауылдық аумақтардың өмір сүру сапасын және табысын арттыру бойынша «Ауыл аманаты» бағдарламасы шенберінде облысқа бөлінген қаражатты ұлғайтумен қатар, халықты ақпараттандыруға басты назар аудару тапсырылды.

СОТТЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ЖАРИЯЛЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БАСТЫ НАЗАРДА

Қызылорда облыстық сотының төрағасы Шығамбаев Әділхаді Жұмабайұлының төрағалық етуімен «Сот жүйесінің коммуникациялық стратегиясы – қоғам мен соттың тиімді диалогын қалыптастыру. Соттың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету» тақырыбында семинар-кеңес өтті.

Шараға облыстық соттың алқа төрағалары мен судьялары, аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары, кенсе меңгерушілері мен баспасөзге жауапты мамандары қатысты.

Семинарды Ә.Шығамбаев ашып, ақпараттың дамыған заманында бүгінгі тақырыптың маңызды екендігін, сот саласының қоғамдық диалог орнату, сот жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуде өзіндік ерекшелігін атап өтіп, тақырып төңірегінде баяндама жасау үшін облыстық соттың судьясы, азаматтық істер бойынша баспасөз қызметін үйлестіруші судья Ш.Маликоваға

сөз берді.

Баяндамашы ашықтық – тек қана сот жұмысын ақпараттандыру ғана емес, сонымен қатар сот жүйесінің ерекшеліктеріне сай сот отырыстарының ашықтығы және соны қамтамасыз ету болып табылатынын, айта келе азаматтық істер бойынша соттың ашықтығын қамтамасыз ету бойынша өткен жылда атқарылған жұмыстарға талдау жасалды.

Семинар-кеңесте келесі болып облыстық соттың судьясы, қылмыстық істер бойынша баспасөз қызметін үйлестіруші Б.Қалымбет баяндама жасады. Баяндамашы сот ісін қарау

барысында БАҚ өкілдері мен өзге де мүдделі тұлғаларды заң бойынша қолжетімді ақпаратпен қамтудың маңыздылығын, себебі соттың баспасөз қызметі ұсынған ақпарат қана шынайы екендігін айтты. Сондай-ақ Б.Қалымбет соттың ашықтығын қамтамасыз етуде қылмыстық істер бойынша әлеуметтік желі арқылы сот отырысынан тікелей эфир ұйымдастырылғанын тілге тиек етті.

Баяндамалардан соң қатысушылар тақырып аясында баяндамашыларға сот істері бойынша ашықтықты қамтамасыз етуге байланысты өздерінің сұрақтарын қойды.

Семинарды қорытындылаған Әділхаді Жұмабайұлы халықты ашық әрі қолжетімді ақпаратпен қамту мемлекеттің ұстанған саясатының бірі екенін, сондықтан сот жүйесі де мейлінше ашық жұмыс жасау қажет екенін, сондықтан заңға сәйкес тиісті шаралар атқару бойынша қатысушыларға бірқатар нақты тапсырмалар берді.

СОЛ ЖАҒАЛАУДАҒЫ СЕРПІН: ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Кейінгі уақытта Сыр өңірінде медициналық нысандар құрылысы ерекше қарқын алды. Солардың қатарында өткен жылы іргетасы қаланған, қаланың сол жағалауында орналасқан Қан орталығы бар. Нысанның жобалық құны – 2,5 млрд теңге. Бас жобалаушы – «Крез-Сервис» ЖШС. Ал мұндағы жұмыстың уақыттылы әрі сапалы бітуіне жауапты – «СК Дәнекер» ЖШС. Өткен жылы құрылысты бастаған мердігер мекеме биыл жұмысты жалғастыруда.

«Қан орталығының құрылысын былтыр тамыз айында бастадық. Қыста құрылыста 30 адам жұмыс істеді. Ауа райының қолайсыздығына байланысты жұмыс баяулаған болатын. Күн жылынғасын қайта қарқын алды. Қазір мұнда 60 адам еңбек етуде. Барлығы – жергілікті тұрғындар. Айлық 130-170 мың теңге аралығында. Жаз айларында жұмысшы санын 180-200-ге дейін көбейтпекпіз», – деді «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС-ның атқарушы директоры Жоламан Спанов.

Айта кету керек, жоба барысында қолданылатын құрылыс заттарының 90 пайызы – қазақстандық өнім. Мәселен, тас, гравий, щебен, цемент, кірпіш, жабынды плиталар жергілікті

өндіруші зауыттардан алынады. Ал арматура сияқты облыста өндірілмейтін заттар тапсырыс бойынша сырттан әкелінеді. Мердігер мекеме мамандары жұмысты еңсеруге техника жеткілікті екенін айтып отыр.

Үш қабатты ғимарат заманауи архитектуралық талаптарға сай салынууда. Айлықте дейін бас корпусының (А және Б блогы) жерасты жұмыстары толық аяқталған. Қос блоктағы бөлмелердің қабырғалары темір

бетоннан құйылып, жабынды плиталары монтаждальпты. А блогындағы 1-2 қабаттың бағаны мен ригельдері бетоннан құйылса, Б блогындағы 1-2 қабат толық кірпіштен өріліпті. Тағы бір біткен іс – электр қуатының трансформаторлық

подстанциясы. Ол да толық салынып, қашықтығы 2,3 шақырым болатын жоғары кернеулі кабелі екі желімен жүргізілген.

Құрылыс басында атқарылып жатқан қазіргі жұмыстар туралы учаске басшысы, Қазақстанның құрметті құрылысшысы Қалдыбек Әбдіреев баяндап берді.

«Дәл қазір А блогындағы 3-қабат бағаналарының арматуралары тоқылуда. Б блогындағы 3-қабат қабырғаларының кірпішін қалап, терезелерін салып жатырмыз. Сонымен қатар, бес көлікке арналған гараждың қабырғалары қаланып, плиталары жабылды. Осылай өзегін тұрғызсақ, алдағы уақытта ішкі-сыртқы жұмысына кірісеміз. Сыртқы бөлігі травертинмен қапталатын болады. Жалпы барлығы талапқа сай, арнайы мекемелердің жіті қадағалауында», – деді тәжірибелі маман.

Қан орталығы – Қызылорда облысының әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту бағдарламасы аясында жүзеге асып жатқан кезекті жоба. Аталған нысан қолданысқа берілгенде Сыр медицинасына елеулі үлес қоспақ.

Индекс: 65007 – Республикалық «Ел тілегі» газетіне жазылу бағасы – 2500
Индекс: 74023 – Республикалық «Жарасымды Жанұя» журналына жазылу бағасы – 2850
Индекс: 76209 – Республикалық «Білімді Ел – Қазақстан» ұстаздарға арналған журналына жазылу бағасы – 5500



ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қызылорда облысы Полиция департаментінің Қазалы аудандық полиция бөлімінің бастығы лауазымына Асылбай Аңсатов тағайындалды.

Аудандық полиция бөлімінің жаңа бастығын Полиция департаменті бастығының орынбасары Жұмағұлов Елиас Байжұманұлы таныстырды.

Аудан әкімдігінде өткен аталмыш жиынға облыстық, аудандық мәслихат депутаттары, қала, кент әкімдері мен дербес бөлімдер, мекеме, құқық қорғау органдарының басшылары және мектеп директорлары қатысты.

Аңсатов Асылбай Шұдабайұлы ішкі істер органдарында 2008 жылдан бастап қызмет етеді. Басшылық лауазымдарда тәжірибесі мол.

Полиция департаменті бастығының орынбасары Елиас Байжұманұлы аудандық полиция бөлімінің жаңа басшысын таныстырып, қызметіне сәттілік тіледі.

ҰРЛЫҚ ТҮБІ ҚОРЛЫҚ

19 жастағы қала тұрғыны Қызылорда қалалық полиция басқармасының Ақсай полиция бөліміне ұрлық дерегі бойынша арызданған болатын. Оның айтуынша, белгісіз адам мекеме есігінің ашық тұрғанын пайдаланып, «Самсунг А52» үлгісіндегі ұялы телефонның ұрлап кеткен.

Жедел ізлестіру шараларының нәтижесінде 34 жастағы қала тұрғыны ұсталды. Тексеру барысында оның басқа да қылмыстарға қатысы бар екендігі анықталды.

Қазіргі таңда оған қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бабының 1-бөлігі (Ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру) бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде.

Полиция қызметкерлері ұрланған ұялы телефонды иесіне қайтарды.

ҚҰМАР ОЙЫН ҚҰРДЫМҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Құмарғыш жүріп, құрдымға кететінін әсте ойламайтындар көбіне студент жастар болса оның арасында егде азаматтардың барын көргенде жастарға кімнің ақыл айтатынын білмей қаласың. Барлық жұмысын шетке итеріп қойып, букмекерлік сайттарының парақшаларын назарынан тыс қалдырмайтындардың арасында нәзік жандылардың барын көргенде тіпті таңқалмасқа амал жоқ. Иә бүгінгі тақырып мен тұспалдан тұздықтаған құмар ойындар аясында болмақ.

Зибаш ӘЛИ

Үміт пен бойдағы сенімге толы ойларымен барлық нәпақасын ойынға тігетіндердің қарасында сан жоқ. Әуелгі баста 5000 теңгені ұтып дәмеленіп қалған адамға келесі ойында кезекті ақшаны ұтуға құмартып тұруы әдет екен. Бұны психолог мамандарда айқын дәлелдеп беріп отыр. Мамандардың сөзінше құмар ойынға еліктегіш келетін адамдардың жас айыршылықтарын дүп басып айту қиын. Өйткені өлетін ойындарға ставка тігіп, жанталасын нәзік жандылардың да ер азаматтардың да қарасы баршылық. Бірақ олардың тізімін әрі қарай жалғастырушылардың басым бөлігі жұмыссыздар деседі.

Құмар ойын демеші осы тұста келтіре кететін ақпарат осыдан тура 10 жыл бұрын Қазақстан Республикасының «Ойын бизнесі туралы» Заңы қолданысқа еніп, оның 11-бабына сәйкес қазіргі мен ойын автоматтарының қызметіне Алматы облысындағы Қашағай су қоймасының жағалауы мен Ақмола облысының Шортанды ауданында ғана рұқсат етілген болатын. Қабылданған шараларға қарамастан қалада, ауылда да формасын өзгерген құмар ойындарын кездестіруге болады. Бүгінгің болмысы – букмекерлік кенсе. Бас тігіп, барыннан хәм пұлыннан айрыласың. Не жолың болып, бір шала байып

қаласың. Мұндай орталықтарды жағалайтын жастар жағы да жетерлік. Әсіресе, футболдан әлем чемпионаты болатын кезде кеңселердің жұлдызы жанады. Ең өкініштісі – мұндай құмарлық құрдымға жетелейді. Яғни, қарызға ақша сұрайды не қылмысқа барады. Сөзіміз дәйекті болсын.

Атын атамауды сұраған кейіпкерім осыдан тура 3 жыл бұрын осы ойынның әлемге арпалысып жүріп, отбасынан алшақтап кеткенін жасыра алмады. Студент кезінен бастап-ақ құмар ойының қызығына батқан ауыл баласы қалаға келіп жолдастарынан ойынның бастамасын үйренсе керек. Әрі қарай күнделікті табыс табатын әдетіне айналдырып әуелгі баста күнелткенін жасырмайды. Бірақ ол ойынның жетегінде кетіп қаламын-ау деген ой санасына да кірмеген. Бірақ жеңіл ақшаға әбден санасы мен еті үйреніп кеткенін өзі де байқамайды. Міне осындай жастардың адасып жүргенін көргенде қынжылатынымыз рас. Тіпті осы құмардың ізінде жүргендердің көбісі қарызға батып, былыққа белшене кіргеннен кейін барып түсінетіндерін жасыра алмады. Өрине, мұндай құмар ойынына құмарландар жайлы әңгіме таусылмайды. Тіпті, Сыр беткейдегі бір ауылда болған мал

ұрлығының соңы осы букмекерлік кенсеге ақша тігумен сабақтасқан. Яғни, құмарға құныққан ауыл азаматы ұрлық майдан түскен қаражатын осындай бәс тігу кенселеріне жұмсаған. Сондай-ақ мұндай заңсыз ойынхана бизнесі талай шаңырақтың ажырауына себеп болуда.

Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру бойынша Қызылорда соттарында 2022 жылы 15 адамға қатысты 15 іс қаралған. 13 іс бойынша үкім шыққан. Оның ішінде 7 адамға айыппұл салынған, 4 адам қоғамдық жұмысқа тартылған, 2 адамға бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалған. Ал 2023 жылдың 3 айында 2 адамға қатысты 2 қылмыстық іс қаралған. 1 адамға айыппұл салына, 1 адам қоғамдық жұмысқа тартылған. Сот маманының сөзінен белгілі болғандай айыпталушылар пайда көру және заңсыз ойын бизнесіне жүзеге асыру, яғни электрондық казино және интернет-казино ойын мекемесін заңсыз ашып, табыс тапқан. Негізгі ҚР «Ойын бизнесі туралы» Заңының 6-бабының 2-бөлігінің 2-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында электрондық казино және интернет-казино қызметіне тыйым салынған.

Бүгінгі таңда облысымызда үй-жайларын жалға беріп, осындай заңсыз құмар ойындарына жол беріп отырған жандар бар. Ендігі кезекте, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 307-бабына сәйкес ойын мекемесін заңсыз ашу не ұстау немесе ойын бизнесі саласындағы қызметті заңсыз ұйымдастыру, сол сияқты заңсыз ойын мекемесін ашу үшін үй-жайлар беру не ҚР «Ойын бизнесі туралы» заңнамасында белгіленген орындардан тыс құмар ойындарын ұйымдастыру және өткізу не ойын бизнес саласындағы қызметті лицензиясыз жүзеге асырғаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылады. Сондай-ақ, заңсыз ойын бизнесі үшін үй-жайларды беру мүлкі тәркіленіп,

2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатынын құлағдар еткіміз келеді.

Иә, ойынның қызығына түскен талай жастың қалтасын қағып жатқан орталықтарды Заң аясында жапқанымен, атауымен өзгертіп, қайта жұмысын бастап жатқандар жетерлік. Десе де, тапқан-таянғанын «құмарханаға» ала жүгіретіндердің қатарында ауылдың қара домалақ жастарының көбейіп бара жатқаны көңіл қынжылтады. Ақпараттарға сүйенсек дініміз Исламда құмар ойындары арам етіліп, лагнеттелген екен. Құмар ойындары дос-жаран мен туған-туыстың арасына ірікті салатын нәрсе деп те қарастырылған. Ақшаның елесі оған еліткен жанды адастырып, жақын-жұрағаттан алыстатады. Букмекерлік кенсеге барып, бәс тіккен ойыншының мақсаты – тек ұту. Ал, ұтыстың бір ғана адамға берілетіні айқын. Жәңгіл тапқан ашу-ызға ерік беріп, шайтанның арбауына түсетіні тағы бар. «Жығылған құресеқ тоймайды» демекші, алдамшы сеніммен ұтылған ақшасын қайтарып алу мақсатында тағы да ойнап, айналыштықп сол ортадан кете алмайды. Сондықтан, Ислам діні әр мұсылманды Алланың көрсеткен жолымен өз ризығын тауып, адал ас ішіп, иманның қосар бұлағындай таза бұлағынан сусындағанын қалайды. Ал, құмар ойындары адамды еңбек етуден тыйып, бос арманға жетелейді. Ақиқатында Жаратқан Алла Құранда құмар ойындарына тыйым салып, одан тыйылуға шақырады.

Не десекте, жаңа заманға бейімделген құмар ойындары бизнес көзіне айналды. Ең бастысы – мұндай құмарханалар жастардың алтын уақыты мен саулығына зиян. Қаншама жас буынның оқу оқып, ізденудің орнына уақытын бос өткізіп жатқаны өкінішті.

ЖЕМҚОРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫН ТЕЖЕЙДІ

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен тұрашылықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сенім тапсырылған бөтен мүлкіті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайласық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және қоғамдық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Қазақстан Республикасының Перзиденті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылғы 1 ақпанда өткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз құресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін атап өтті. Оның пікірінше, заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек деді. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 2 ақпандағы жарлығымен Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын бекітті.

Құжатта ағымдағы жағдайға талдау жасалып, алдағы жылдарда шешілетін міндеттер айқындалған және тұрмыстық сыбайлас жемқорлық негізгі проблема ретінде анықталған.

Бұл ретте құжат сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытудың жолдарын ұсынады.

Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі әрекеттен қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге, халықтың сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрінен бас тартуына, алдын алу шараларының басымдығына көшуі мақсат етеді.

Халықаралық стандарттар мен алдағы кезеңге арналған стратегиялық мақсаттарды ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дәйекті саясатты дамыту жалғасады.

Осылайша, стратегиялық мақсат – Transparency International сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексында 2026 жылдың соңына қарай 47 ұпайға, 2030 жылға қарай 55 ұпайға жету.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бірінші кезекте тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жоюға бағытталып жатқандығын айта отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат сыбайлас жемқорлық экономикалық және беделі жағынан тиімсіз болатын жағдайларды жасауға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігін маңызды зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігін нақты жолдарын

толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірінғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің ішкі және сыртқы бастамасы мен жетістіктерді жоюға шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықтауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Ә. ТЕСҚАРАЕВ,
Қызылорда облысы бойынша
Қазынашылық департаменті
басшысының орынбасары, Әлеп
жөніндегі уәкіл

КҮДІКТІ ҰСТАЛДЫ

Қызылорда қалалық Полиция басқармасының қызметкерлері автокөліктерді, олардың қосалқы бөлшектері мен құралдарын ұрлау және айдап өтетінін алдын алу мақсатында «Автокөлік» жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізуде.

Іс шара аясында Қызылорда қалалық Полиция басқармасының Ақсай полиция бөліміне 21 жастағы қала тұрғыны жеке меншік иінің алдында тұрған «Daewoo Nexia» автокөлігінің ішінен «Samsung Galaxy A20» маркалы ұялы телефонның ұрланғандығы жөнінде арызданды.

Хабарлама келіп түскен сәттен бастап криминалды полиция бөлімшесінің қызметкерлері қылмысты ашуға бағытталған қажетті шараларды жүзеге асырды. Бейнебақылау камераларын және ұялы телефон алып сататын дүкендерді тексерді. Нәтижесінде, осы қылмысты жасаған 29 жастағы күдікті анықталды. Ол телефонды сатып ақшасын өз бас пайдасына жаратқан. Ұрланған ұялы телефон иесіне қайтарылды.

Қазіргі таңда бұл дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бабының 3-бөлігімен (Ұрлық) сотқа дейінгі тергеп – тексеру әрекеттері жүргізілуде.

Қызылордалық полицейлер ұрлық қылмысының алдын алу үшін жеке мүліктеріңізге сақ болуды ескертеді.

Қызылорда қалалық Полиция басқармасының баспасөз қызметі

АУДАНДЫҚ СОТ 3 АЙДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Жаңақорған аудандық соты 2023 жылдың алғашқы үш айының жұмыс қорытындысы бойынша баспасөз релізін өткізді. Шара барысында аудандық сот төрағасы Әлия Түбекбаева 2023 жылдың бірінші тоқсанында атқарылған жұмыс жайлы баяндады.

Конституцияның 1-бабы мен 12-бабында: «Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген. Біздің елдің заңына сәйкес бірінші орында адам және оның өмірі тұр. Одан кейін мемлекет қойылған. Яғни, мемлекет адамның құқық қамтамасыз етуге тиіс. Адамның құқығын қаншалықты қорғай алып жүрміз, заңға қайшы әрекеттердің жолы кесілді ме?

– Аталған мерзімде аудандық сотта барлығы 324 іс қаралып, аяқталды. Оның ішінде 158 азаматтық іс, 6 қылмыстық іс, 2 әкімшілік іс, 158 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Қылмыстық істер бойынша қаралып, аяқталған 6 қылмыстық істің 5 адамға қатысты айыпту үкімі шығарылып, 2 адамға қатысты қылмыстық іс медиация заңымен тоқтатылды. Есірткі заттардың заңсыз айналымына байланысты 1 қылмыстық іс түсіп, қаралып аяқталды. Оның ішінде үкім шығарылған 1 іс бойынша 30 АЕК мөлшерінде айыппұл жазасы тағайындалды. ҚР «Медиация туралы» Заңы қолданылып қаралған 2 іс тоқтатылды. Осы мезгілде аяқталған 6 істің 4-і

қысқартылған тәртіппен қаралып, қаралған істердің 66,6 пайызын құрады. Сондай-ақ 1 қылмыстық іс бойынша апелляциялық шағым түсіп, сот үкімі өзгеріссіз қалды. Аяқталған 6 қылмыстық істің басым бөлігі есірткі психотроптық заттармен, заңсыз жұмыс жасау санатындағы қылмыстық істерді құрады, – деді Әлия Бердібекқызы.

Ал азаматтық істер бойынша 81 іске шешім шығарылып, 19 іс тоқтатылып, 35 сот бұйрығы шығып, 31 іс оңайлатылған тәртіппен қаралған. Тоқтатылған істер бойынша сотпен 11 дау-шарды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім, 1 дауды партиципативтік рәсім тәртібімен, яғни адвокаттардың жәрдемімен реттеу туралы келісім, 7 іс бітімгершілік келісімдері бекітілген. ҚР «Азаматтық процесстік кодексіне» енгізілген жаңа институт «сотқа дейінгі хаттама» бойынша 11 іс тоқтатылған. Жалпы, осы мерзімде қаралған азаматтық істер бойынша 3 жекеше ұйғарым шығарылған. Аталған азаматтық істер бойынша көп қаралған санаттары шартты даулардан тұндайтын 36 іс қаралып аяқталған. Мысалы қарыз ақша өндіру. Осы санат бойынша көп қаралған істердің 22,7 пайызын құраған.

Сондай-ақ сот төрағасының мәліметіне сай әкімшілік істер бойынша жер қатынастары бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне әкімшілік актілерге дау айту туралы 4 іске, округтік сайлау

комиссиясының хаттамасын заңсыз деп тану бойынша 3 іске және 1 іске шешім шығарылған. Тоқтатылған істер бойынша сотпен ҚР «Медиация туралы» Заңын қолдана отырып, 1 азаматтық іс тоқтатылған. 2023 жылдың 1-тоқсанында әкімшілік істер бойынша 2 апелляциялық шағым түсіп, оның 2 қаралып, сот шешімдері өзгеріссіз қалған. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша 128 іске жаза қолданып, 30 іс тоқтатылған.

Әкімшілік жаза қолдану көрсеткішіне тоқталсақ 79 тұлғаға әкімшілік айыппұл салынып, 30 адамға әкімшілік қамаққа алу, 3 адамға арнайы құқықтан айыру, 12 адамға ескерту жасау түріндегі жазалар қолданылған. Әкімшілік істердің тоқтатылғаны да бар. Яғни олардың ішінде 25 іс екі тараптың татуласуына байланысты, 3 әкімшілік іс әкімшілік құқық бұзушылық құрамның болмауына байланысты, 1 әкімшілік іс жауаптылыққа тартудың мерзімінің өтуіне байланысты, 1 іс құқық бұзушылықтың маңызы болмашы болған кезде әкімшілік жауаптылықтан босатылуына байланысты тоқтатылған. Жалпы, осы мерзімде қаралған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша 10 жекеше қаулы шығарылған. Бұл 3 айда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша, ӘҚБтК-нің 20-тармауына (көліктегі, жол шаруашылығындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар) қатысты істер. Соның ішінде ҚР ӘҚБтК-нің 608- бабы

жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік немесе адамға күйде басқару немесе сондай мақсат күйдегі адамға көліктің тізгінін беру бойынша 23 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс түсіп қаралған. Ескерту берілгеніне қарамастан екінші рет масан күйде көлік тізгінін ұстағандарға 15 тәулік әкімшілік қамаққа алу және көлік құралын басқару құқығынан 7 жыл мерзімге айыру жазасы тағайындалған.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 10-тармауы. Жеке бастың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар ӘҚБтК-нің 73-2 бап, ұрып соғу санаты бойынша 19 іс түсіп қаралып аяқталған. Бұл 3-айда түскен істердің 11,7%-н құраған.

Аудандық сот ұжымы қызу жүріп жатқан жұмысты БАҚ беттеріне жариялап отырады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сайтына жариялауға 15 материал қолданып, оның 10-жарияланған, бұқаралық ақпарат құралдарына судьялар мен кеңсе қызметкерлерінің 24 мақаласы жарияланып, 1 пресс-конференция өткізілген, 6 семинар сабағы ұйымдастырылып, 1 бейне ролик, барлық істер тек аудио-бейне жазбасы (АБЖ) құралына басылып қаралған. Баспасөз конференциясын қортындылай келе сот төрағасы алдағы уақытта сот төрелігінің сапасын арттыруға, сот жүйесін нығайтуға барлық шаралар қолданылатынын атап өтті.

Рауза АЗИЛХАНОВА

СЫРДАРИЯ АУДАНДЫҚ СОТЫНДА БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ

Қорытынды жиынға судьялар мен сот қызметкерлері, БАҚ өкілдері қатысты. Іс-шара барысында сот төрағасы Р.Алдамбергенов статистикалық мәліметтерге тоқталып өтті.

Жалпы 2023 жылдың 3 айында 24 адамға қатысты 14 қылмыстық іс қаралып, оның ішінде 8 іс бойынша 15 адамға үкім шығарылған. 4 адамға қатысты 4 іс тоқтатылған, 2 іс прокуратураға кері қайтарылған, 1 жекеше қаулы қабылданған.

Ал, азаматтық істер бойынша, 104 талап қою мен 1 іс түскен, 64 іс қаралған. Оның ішінде 8 сот бұйрығы, 23 шешім қабылданып, 30 іс өндірістен тоқтатылған. 3 іс қараусыз қалдырылған, 1 жеке ұйғарым қабылданған.

2023 жылдың 3 айында аудандық соттың өндірісіне 53 әкімшілік құқық бұзушылық іс түскен. Түскен әкімшілік құқық бұзушылық істердің ішінде 52 адамға қатысты 52 іс қаралған. 38 адамға әкімшілік жаза қолданылған және 14 адамға қатысты тоқтатылған. Қаралған әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша 8 жеке қаулы қабылданған.



2023 жылдың 3 айында барлығы татуласу тәртібімен - 1 азаматтық іс, медиаторлардың қатысуымен 29 азаматтық іс, 8 әкімшілік құқық бұзушылық іс, 4 қылмыстық іс аяқталған.

Сонымен қатар, төраға азаматтық істер бойынша сотқа дейінгі хаттама негізінде

татуластыру бағытында жұмыстар жүргізіліп отырғандығын, аудандық сотта жыл басынан бері 24 іс сотқа дейінгі хаттама тәртібімен аяқталғандығын атап өтті.

Шара соңында баспасөз өкілдерінің барлық сұрақтарына жауаптар берілді.

ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы С.Б.Сүлеймен мен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Б.С.Кәрімова өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Рәсімге департамент басшылығы мен университет оқытушылары қатысты.

Меморандумның мақсаты - департамент қызметінің ашықтығын, айқындығын қамтамасыз ете отырып, департаментте студенттердің тәжірибеден өтуі, жаңа формациядағы заңгер кадрларды даярлау, оқуларын үздік бітіріп, жұмысқа орналасуға ниет білдірген түлектерді тарту, департаментке сот істері бойынша және сот актілері бойынша аударма қызметтерін көрсету, бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу іс-әрекеттері үшін өз мүмкіндіктерін біріктіру болып табылады.

Шара барысында сөз алған департамент басшысы С.Б.Сүлеймен, оқытушылардың және оқушылардың сот істері бойынша ашық сот отырыстарына кедергісіз қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету, оқушылардың оқу-тануы және өндірістік іс-тәжірибелерін, ғылыми қызметкерлердің ғылыми тағлымдамадан өтуін облыс соттарында ұйымдастыру сынды мәселелер меморандум аясында шешімін тауып отыратынын айтты.

Өз кезегінде университет ректоры Б.С.Кәрімова аталған бастамаға өз ризашылығын білдіріп, меморандум шеңберінде тығыз байланыста жұмыс жасауға дайын екендігін жеткізді.

Қатысушылар аталған Меморандум қол қоюшы тараптар арасындағы оң жұмыстың бастамасы болатынына сенім білдірді.

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС

Қызылорда облыстық сотында аймақтық оқу орталығының ұйымдастыруымен судьялар арасында семинар сабағы өтті.

Шараға облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының судьялары, қалалық соттың және экономикалық соттардың төрағалары мен судьялары, ал аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары бейнебайланыс арқылы қатысты.

Облыстық сот судьясы, аймақтық оқу орталығының үйлестірушісі Н.Қосанов семинар сабағын ашып, күн тәртібімен таныстырды.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Әбілқайысықызы «Авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі заңнаманың кейбір нормаларын соттардың қолдануы» бойынша баяндама жасады. Ол өз баяндамасында қолданыстағы заң нормалары бойынша автордың мүлкіктік (айрықша) құқығын қорғау мерзімінің өтуі туындының қоғамдық игілікке айналатынын, ал ол кезде оны кез келген адам авторлық сыйақы төлемей, автор есімінің құқығы мен оның беделін қорғау құқығын сақтай отырып пайдалана алатындығын тілге тиек етті. Сонымен қатар мұндай авторлық немесе сабақтас құқықтарды қорғауға қатысты істер бойынша талап қоюшылар мемлекеттік бажд төлеуден босатылатындығын айтты.

Мұнан соң облыстық сот судьясы Н.Қосанов 2023 жылғы 27 наурыздағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне прошектік заңнаманы жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша түсіндірмелер беріп өтті.

Семинар сабақ соңында қатысушылар көтерілген тақырыптар төңірегінде өзара пікір алмасып, сот істерін қарау барысындағы тәжірибелерімен бөлісті.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қызылорда облысының кәметеліке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында «Мемлекеттік тілдің қолданылуы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Сот төрағасы А.А.Сабыровтың төрағалық етуімен өткен дөңгелек үстелге кеңсе қызметкерлері, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің өкілі, адвокаттар, Түркістан-Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасынан палата мүшелері қатысты.

Дөңгелек үстелде психолог-инспектор А.Ж.Әбдіраманова тақырып аясында баяндама жасады. Ол өз баяндамасында қазақ тілі – біздің рухани негізіміз, біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту, тілдің қолданылу аясын арттыруға күш салу екендігін, сонымен қатар қазіргі таңда мемлекет тарапынан тілдік қорымызды үздіксіз жетілдіріп отыру үшін заңдар қабылданып, бағдарламалар жасалып жатқандығын айтты.

Статистика бойынша 2022 жылдың 12 айында, 550 талап қою түскендігін, оның ішінде 485-сі (яғни 88,8%) қазақ тілінде, 65-сі орыс тілінде түскендігін және 2023 жылдың 3 айында 150 талап қою түскендігін оның ішінде 141-і (яғни, 93,4%) қазақ тілінде, 9-ы орыс тілінде түскендігіне тоқталды.

Дөңгелек үстел барысында көптеген сұрақтар талқыланып, оларға жауап берілді, қатысушылар өзара пікір алмасып, алдағы уақытта қазақ тілінің қолданыс аясын барынша кеңейту бойынша ұсынымдарын ортаға салды.

СОТ ӘДІЛДІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҮМЫС

Қызылорда қалалық сотында БАҚ өкілдерінің қатысуымен 2023 жылдың 3 айының қорытындысы бойынша баспасөз конференциясы өтті. Баспасөз конференциясын Қызылорда қалалық сотының төрағасы Д.Н. Кентбаев жүргізді.

Іс-шара барысында сот төрағасы статистикалық мәліметтерге тоқталып өтті. Қызылорда қалалық сотына 2023 жылдың 3 айында 2268 талап қою мен 65 азаматтық іс түскен. Барлығы 1572 азаматтық іс аяқталған. Оның ішінде 796 шешім шығарылған, 182 іс бойынша өндіріс қысқартылған, 262 азаматтық іс қараусыз қалдырылған, 13 іс соттылығы бойынша жолданып отыр. Аталған кезеңде 317 сот бұйрығы және 8 жеке ұйғарым қабылданған.

Сондай-ақ, есепті кезең негізінен қаралған істердің санағтарына тоқталсақ, еңбек ақы өндіру туралы – 9 іс, жұмысқа қайта орналастыру туралы – 6 іс, неке бұзу туралы – 319 іс, заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы – 83 іс, жер құқық қатынастарына байланысты даулар бойынша – 15 іс, шарттық міндеттемелерге байланысты даулар – 562 іс, зиян өндіру туралы – 13 іс, оның ішінде моральдық зиян өндіру туралы – 5 іс, денсаулыққа келген зиянды өндіру туралы – 8 істі құрап отыр.

Дауларды реттеудің қолданыстағы тетіктерін жетілдірудің және азаматтардың бұзылған құқықтарын қорғаудың басым бағыттарының бірі – татуластыру рәсімдерін дамыту болып табылады. Осыған орай, сотпен аталған кезеңде татуластырушы-судьяның қарауымен 103 іс медиация тәртібімен аяқталған. Сонымен қатар 6 азаматтық іс бітімгершілік шартпен, 56 азаматтық іс медиация тәртібімен және 1 іс партисипативтік рәсім тәртібімен аяқталған. Ал, салыстырылып отырған 2022 жылдың 3 айында 6 іс бітімгершілікпен, 104 іс медиация тәртібімен, яғни барлығы 110 іс татуласу рәсімдерімен аяқталған болатын.

Баспасөз конференциясын қорытындылай келе, сот төрағасы БАҚ өкілдерінің тақырып аясындағы сауалдарына жауап беріп, шараға қатысқандары үшін алғысын білдірді.

ЖУРНАЛИСТЕР НАЗАРЫНА!!!

ҚР Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы мен Қызылорда облыстық соты журналистер арасында «Сот репортер» байқауын өткізеді.

Былғы байқаудың ерекшелігі – Қызылорда облыстық сотының құрылғанына 85 жыл толуына орайластырылып отыр.

Байқау талаптары бойынша журналистердің авторлық жұмыстары қоғамда заңдылықты, тәртіпті нығайтудағы сот қызметі, оның рөлі, сот процестерінің тәрбиелік және профилактикалық рөлі, моральдық - адамгершілік тақырыбындағы сот судьялары жайлы очерктер, сот тәуелсіздігін қамтамасыз ету, олардың мәртебесін нығайту мәселелері туралы, сот жүйесіне енгізілген қазіргі заман технологияларының халық үшін пайдасы, Фемида қызметкерлерінің ауыр, сонымен бірге мәртебелі еңбегін, облыстық соттың 85 жыл ішіндегі атқарған елеулі жұмыстарын ашуы керек.

Байқау материалдары «Байқауға!» деген белгімен белгіленіп жарияланған күнін, қысқаша аннотациясын, авторы туралы мәліметтерді, (А.Т.Ә., жұмыс орны, кәсібі, тұрғылықты жері, телефон нөмірі, электрондық пошта адресі) өтініш жазып, автор материалы жарияланған газет немесе журнал түпнұсқадан немесе редакциялық баспа куәландырылған көшірмеде, сондай - ақ, электрондық нұсқадан (CD-дискіде) папкаға жинақталып ұсынылуы тиіс.

Газет, журнал, интернет газеттер мен порталдарға жарияланған мақала, очерк, сұхбаттар, көрсетілген бейнесюжеттер мен телебағдарламалар 2023 жылдың 1 мамырынан бастап 1 қыркүйегіне дейінгі аралықта қабылданады. Конкурсқа ұсынылған материалдар да осы мерзім аралығында жарияланған болуы қажет.

Конкурсның жұмыстар қайтарылмайды.

Байқау жеңімпаздары ҚР Судьялар Одағының Қызылорда облысы филиалы дайындаған арнайы дипломдар және сыйлықтармен марапатталады.

Өтініштер мына мекен-жай бойынша қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29-үй, 508-кабинет, E-mail: 724-0802@sud.kz, pressa_kzloblsud@mail.ru, Tel: 55-12-16, 55-97-24, 0802 (ішкі), 8 775 969 61 09

МҮЛКІТКІ ДАУ МЕДИАЦИЯМЕН РЕТТЕЛДІ

Арал аудандық сотында талап қоюшы С. мен жауапкер Т. арасындағы мүлкітік дау медиация тәртібімен аяқталды. Талап қоюшы талабында, баласы (жауапкер) Т.-ға тұрғын үйді сыйға беру келісім шартының күшін жойып, оны жарамсыз деп тануды сұраған.

Істі сот талқылауына дайындау барысында, сотпен тараптарға олардың дауды медиация тәртібімен реттеу мүмкіндігін тексеру мен құқықтары түсіндірілуі нәтижесінде, тараптардан медиативтік келісімді бекіту туралы өтініштер түскен.

Медиациялық келісімге сәйкес, жауапкер тұрғын үйді талап қоюшының атына рәсімдеп беруге міндеттенген, ал талап қоюшы келісім талаптарын қабылдаған.

Осыған орай, сотпен дауды медиация тәртібімен реттеу туралы жасалған келісімнің шарттарын бекіту және іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым қабылданған.

ҰРЛЫҚ ҚЫЛМЫСЫН ЖАСАҒАН ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ СОТТАЛДЫ

Қызылорда қалалық Полиция басқармасының қызметкерлерімен жүргізілген жедел-іздестіру жұмыстары нәтижесінде қала аумағында үйге заңсыз кіріп, құрылыс заттар мен құрал саймандарды жасырын жымқырған Қызылорда қаласының тұрғыны ұсталды. Жәбірленушілерге келтірілген шығын 480 000 теңгені құрады.

Орын алған дерекке қатысты Қызылорда қаласының Полиция басқармасымен ҚР Қылмыстық кодексінің 188-бабы 3-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексерулер жүргізілген.

Тергеумен қылмыстық іс сотқа жолданған. Қызылорда қаласы №2 сотының 15.03.2023 жылғы үкімімен сотталушы кінәлі деп танылып, оған 3 жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды.

Қызылорда облысы ПД баспасөз қызметі

ЕГІЗ ПОЛИЦЕЙЛЕР

Қызылорда облысы Полиция департаментінің Арал аудандық полиция бөлімінде егіздер қызмет атқарады. Егіздер жұптары жазылмай бір саланы таңдаған. Полиция капитаны Сағиев Байқазақ Аралбайұлы аудандық полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің аға учаскелік полиция инспекторы, ал сыңары полиция капитаны Аралбаев Әліби Аралбайұлы бөлімнің учаскелік полиция инспекторы лауазымында қызмет атқарып келеді.

Полиция капитаны Аралбаев Әліби Аралбайұлы қолы қалт еткенде шығармашылықпен айналысып, өнер жағынан өзінің шығарған жүрек жарды жыр шумақтарымен бөлімнің қоғамдық жұмыстарына қатысып белсенділік танытады, ал полиция капитаны Сағиев Байқазақ Аралбайұлы бос уақытында түрлі музыкалық аспаптарда ойнағанды жақсы көреді.

Полиция капитаны Б.Сағиев нәтижелі жұмыстарының арқасында мақталуы маман атанды. Өткен жылы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінде кәсіби қасиеттерін,

дене даярлығын, сондай-ақ халықтың пікірін тексеру жөніндегі комиссиямен таңдалған бірқатар үздік учаскелік полиция инспекторларының слеті өткізілді.

Барлық қатысушылар грамоталар мен «Үздік учаскелік инспекторы» төсбелгісімен марапатталды. Слетке қатысушылар арасында полиция капитаны Сағиев Байқазақ Аралбайұлы бар. Адамға көмектесу-оның өмірлік ұстанымы мен басты борышы.

Егіздер аудандағы қоғамдық тәртіпті сақтау мен қамтамасыз етуге қызмет етіп жүрген жас мамандар. 30 жастағы жігіттердің қатарласып бір салада жұмыс



істеп жүргендеріне біріне 6 жыл, екіншісіне 9 жыл болды.

Екеуі де қызметтерін адал атқарып, жоғары көрсеткіштерге ие болғаны үшін бірнеше рет Қызылорда ОПД-нің, бөлім бастығының, аудан әкімінің Грамоталары мен Алғыс хаттарымен марапатталған.

«Екеуіміз де форма киген полиция қызметкерлеріне қызғатын едік, есейгенде екеуіміз бір уақытта шаңырақ көтеріп, ата-анамызды қуанттық.

Әкеміз Сағиев Аралбай Сағиұлы және анамыз Абдуллаева Қазына Абдуллақызы медицина саласында дәрігер қызметін атқарып, абыройлы зейнетке шықты. Қатарымыздан кем қылмай өсіріп, оқытты. Ата-анамызға деген алғысымыз шексіз» - дейді полиция капитаны Байқазақ Аралбайұлы.

Егіздер бұл саланы таңдағандарына ешқашан өкінген емес. Әріптестері де оларды адал қызметкер ретінде құрмет тұтады.

ҚЫЗЫЛОРДАДА «БОРЫШКЕР» ІС-ШАРАСЫ БАСТАЛДЫ



Ағымдағы жылдың сәуір айының 18-25 аралығында облыс көлемінде «Борышкер» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде. Шараның мақсаты - салынған әкімшілік айыппұлдарды өндіру болып табылады.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 893-бабына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлға айыппұлды қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 30 (отыз) тәуліктен кешіктірмей төлеуге тиіс. Төленбеген жағдайда осы Кодекстің 894-бабына сәйкес айыппұл салу туралы қаулыны мәжбүрлі түрде орындату мақсатында сот орындаушыларына жолданады.

Іс-шара барысында Қызылорда облысы Полиция департаментінің Жергілікті полиция және Әкімшілік полиция басқармасының қызметкерлері

сот орындаушылармен бірлесіп борышкерлерді анықтау мақсатында рейдтік іс-шаралар ұйымдастыруда.

Айыппұлдарын төлемей жүрген азаматтарға қатысты мәжбүрлеу шаралары қолданылууда. Сот орындаушыларына түскен әкімшілік істер бойынша бүгін де біршама шектеу жұмыстары жүргізіледі, яғни шет елдерге шығуға шектеу қою, жеке шоттарына, мүліктеріне шектеу қою сияқты. Бұл жұмыстар әрі қарай да жалғасын табады.

Тұрғындардың назарына! Айыппұлдарыңыз бойынша қосымша мәліметтерді Қызылорда облысы Полиция департаментінің Әкімшілік полиция басқармасының Әкімшілік практика бөлімінен (мекен жай: Қызылорда қаласы, Назарбаев даңғылы №22 ғимаратынан) біле аласыздар.

МӘМС

САҚТАНДЫРУ МӘРТЕБЕСІН ЖОҒАЛТПАУ ҮШІН БЖТ-НЫ ҚАЛАЙ ДҰРЫС ТӨЛЕУ КЕРЕК?

Елімізде еш жерде ресми жұмыс істемей, алайда табыс табатын азаматтар жетерлік. Олар зейнетақы мен медициналық сақтандыру қорына ақша аудармайды. Үкімет мұндай азаматтарды өзін-өзі жұмыспен қамтығандар дейді. Оның ішінде бала күтуші, фрилансерлер, такси жүргізушілер, қорадағы азын-аулақ малын сатып, табыс табатын өзге де қазақстандықтар бар. Дәл осы азаматтарға бірінші жағдайында (БЖТ) төлеу тиімді әрі ыңғайлы. Ол төрт түрлі төлемді – жеке табыс салығын, зейнетақы қорына, әлеуметтік сақтандыру қорына және медициналық сақтандыру қорына аударылатын жарналарды біріктіреді. БЖТ-ны тағы кімдер төлей алады, сақтандыру мәртебесінен айрылмау үшін оны қалай дұрыс төлеу керек және тағы басқа нюанстарды Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов айтып берді.



жиынтық төлемнің бір айын уақытылы төлемесе, сақтандыру мәртебесінен айрылады. Сондықтан ай сайын төлем уақытын өткізіп алмау маңызды немесе алдағы кезеңдерге алдын ала төлем жасау керек. Бұл азаматтар салық органында тіркеуде болмаса зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыруға қауқарсыз болады. Ал БЖТ төлемі осы мәселелерді оңтайлы шешеді. Оған қоса патент немесе «жеңілдетілген» режиммен салыстырғанның өзінде ай сайынғы салық жүктемесінің мөлшері көп емес. Жарнаның төмен мөлшері. Жалпы БЖТ-ға мыналар кіреді: 10% – жеке табыс салығы (ЖТС), 20% – әлеуметтік аударымдар (ӘА), 30% – міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), 40% – міндетті медициналық сақтандыруға аударымдар (МӨМС). Бірінші жағдайында (БЖТ) төлеу ауылдық аймақтарда тұратын азаматтарға тиімді. Себебі олар ай сайын 1725 теңгенен (1725*12=20700) төлеп, МӨМС аясында барлық медициналық қызмет түрін шектеусіз алады. Яғни қажетті тексерулерден өтіп, оған жүздеген мың, тіпті миллиондаған теңгеге операция жасай алады, оңалту курсынан өтіп, амбулаториялық негізде дәрігердің бақылауында болады. Бұл жерде пациент аталған медициналық қызметтер үшін қосымша төлем жасамайды. Яғни, әрбір сақтандырылған адам аударған жарна

мөлшеріне қарамастан, медициналық қызметтерді толық көлемде уақтылы алуға құқылы. Бірінші жағдайында (БЖТ) төлем бір айлық есептік көрсеткіш көлемін құрайды. Осы жылы елімізде АЕК мөлшері – 3 450 теңге. Осыған орай, республикалық және облыстық маңызы бар қала тұрғындары ай сайын 3 450 теңгенен, ал басқа елді мекендердің азаматтары 1 725 теңге, яғни 0,5 АЕК. Осылайша, ай сайын 0,5/1 АЕК сомасын төлеп, тула өз қызметін толығымен заңдастырып қана қоймай, болашақ зейнетақыны (базальқ зейнетақы төлемін) қамтамасыз етеді және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (ПФСС) сақтандыру төлемдерін алуға құқылы болады. Яғни: еңбек ету қабілетінен және асыраушысынан айрылған жағдайларда, жұктілік және босану, бала асырап алу, 1 жасқа дейінгі бала күтімі.

БЖТ-ны қалай төлеуге болады?

МӨМС жүйесінде «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» болу үшін 3 ай қатарынан БЖТ төлем болу керек. Төлем 3 ай енгізілгеннен кейін ғана мәртебе беріледі. Мысалы, қазір бір азамат ақпан айына БЖТ төлесе, мәртебе бірден берілмейді. Яғни оның сақтандыру мәртебесі 3 ай қатарынан (ақпан, наурыз, сәуір) БЖТ төлемі түскен кезде, демек сәуірде ғана іске қосылады. Ал енді мамыр айында қандай да бір

себептермен төлем жасалмай қалса, сақтандыру мәртебесінен айрылады. Оның қайта іске қосылуын тағы 3 ай күту керек: мамыр, маусым, шілде айлары БЖТ төлеп, шілдеде сақтандырылған мәртебесін ала алады. Яғни, медициналық сақтандыру мәртебесін жоғалтпау үшін бұл төлем түрін ай сайын жасау керек немесе өткізіп алмау үшін алдағы айлар үшін алдын-ала төлем жасауға болады. Төлем Қазақстанның кез келген банкіде, банктердің мобилді қосымшалары арқылы және «Қазпошта» бөлімшелерінде қабылданады. Төлем жасау кезінде ақша аударылатын тұлғаның ЖСН, төлем жасалатын айды көрсету керек.

Жүкті және босанған аналардың назарына...

Ресми жұмыс істемейтін әрі тиісті аударымдары жоқ көптеген жүкті әйелдер жеті ай бойы арнайы БЖТ төлем жасайды. Бұл оларға бала күтімі бойынша бір жарым жасқа дейінгі әлеуметтік төлемдерді алу үшін қажат тапсыруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда әйел «Жұмыс істемейтін жүкті әйел» жеңілдік санатынан шығарылады, себебі жүйе оның БЖТ ішіндегі аударымдарын көреді және ол табыс табатын адам болып есептеледі. Ал жеті ай бойы БЖТ жасаған азаматтың сегізіншісінде төлемі болмаса, ол сақтандыру мәртебесінен айрылады. Осы кезде ол екі жолдың бірін таңдай алады: 1) өзін өзі жұмыспен қамтыған азамат ретінде сақтандыру мәртебесін сақтау үшін БЖТ төлеуді жалғастыра беруі керек; 2) ал келесі жағдайда ол БЖТ-ны екі ай төлемесе, жеңілдік санатына кіреді де, сақтандыру мәртебесін алады (жүйе оның аударымдары жоқ екенін көреді, яғни ол жұмыс істемейді деп есептеледі). Екінші жағдайда ол сақтандыру мәртебесін алғанға дейін осы екі ай ішінде МӨМС аясында медициналық көмек ала алмайды. Бірақ қажет болған жағдайда ол тегін медициналық көмектің кепілді мәлімі аясында шұғыл көмекке жүгіне алады.

БЖТ-ны кімдер және не үшін төлейді?

Бірінші жағдайында (БЖТ) төлем өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға жеке кәсіпкер ретінде тіркелмей-ақ, өз ісін заңдастыруына және зейнетақымен қамсыздандыру, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйелерінің толыққанды қатысушысы болуға мүмкіндік береді.

Салық кодексінің 774-бабына сәйкес, келесідей шарттарды орындайтын кәсіпкерлер БЖТ төлеуші бола алады. Яғни жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын, жеке тұлғаларға қызмет көрсететін немесе оларға жеке қосалқы шаруашылықтың өнімдерін сататын. Осы ретте, БЖТ төлеуші мәртебесін алу үшін жеке тұлғаның табыс мөлшері жылына 1 175 АЕК-тен аспауы тиіс. Демек, бұл сома 2023 жылы 4 053 750 теңгеге тең. Егер бір жыл ішінде табыс осы көрсеткіштен асып кетсе, бұл азамат жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге міндетті болады. БЖТ келесі қызмет түрлерімен айналысатын

адамдарға жарамды: тапсырыс бойынша тігін тігу, тоқу, өз пәтерін жалға беру, көкөністер мен жемістерді өсіру және сату, үйде кондитерлік және т.б. өнімдер жасап сату (сауда нысандарының аумағында емес), омарта ұстау, жеке қосалқы шаруашылықтан ет және сүт өнімдерін сату. Ал келесі жағдайларда БЖТ төлеуші бола алмайды: яғни сауда орталықтары аумағында қызмет көрсететін жеке тұлғалар, жеке практикамен айналысатын адамдар (нотариустар, адвокаттар, жеке сот орындаушылары және т.б.), тұрғынжайды қоспағанда, мүлікті жалға (жалдауға) беретіндер, қандастарды қоспағанда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар, жеке кәсіпкер ретінде тіркелген тұлғалар.

БЖТ төлеуші ретінде тіркелудің артықшылығы неде?

Өзін өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды БЖТ төлемегені үшін қандай да бір жауапкершілікке тарту шарасы қарастырылмаған. Алайда, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам бірінші

КІТАП ШОУ - 2023

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында 23 сәуір - Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне орай «Кітап шоу - 2023» кітап фестивалі ұйымдастырылды. Кітап фестивалінің мақсаты – кітапты насихаттау, кітап пен оқуға деген қызығушылықты қолдау, кітап оқуға тарту, жастардың кітап оқуға, көркем әдебиетке деген құштарлығын ояту. Осы орайда мерекелік кеште Қызылорда облысы мәдениет және спорт басқарма басшысы Қазбекова Мира Жомартқызы құттықтау сөз сөйлеп, жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан бұл шараның тарихы мен маңыздылығына тоқталып өтті. Ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда облыстық филиалының директоры Қаршыға Есімсейітова, ақын, «Жастар жанашыры» Мамыр Байдаулет және өзге де руханият жанашырлары ақыл-ойдың азығы болған кітаптың құндылығына тоқталып, кітаптың алдында бәріміздің шәкірт екенімізді баса айтты.

Фестиваль қатысушыларына түрлі бағдарламалар әзірленді.

«Ақын елдің ардағы» жергілікті жас ақындармен кездесу кеші ұйымдастырылып, А.Бітімбай, Д.Бөкебай, Қ.Әндеш Қорқыт Ата университетінің студенттері Ж.Бақытәлі мен Ә.Жомартұлы қатысып жыр шумақтарынан шашу шашса, «Болашаққа кітаппен» атты поэтикалық марафонда кітапхана оқырмандары жыр сүйер қауымға арнап өлеңдерін оқыды. «Кітап – ой әлемі» көрме-инсталляциясына қорға келіп түскен жаңа әдебиеттер, балалар кітаптары мен мотивациялық кітаптар, фантастика мен детектив жанрындағы жалпы саны 500-ден асатын әдебиеттер қойылды. «Білімді шығар биікке» тақырыбында түрлі викториналар, пазл құрастыру, мақалды жалғастыру тәрізді интеллектуалды ойыны ұйымдастырылды. Бастауыш сынып оқушыларынан бастап егде жастағы оқырмандарға дейін интеллектуалды ойынға қызығушылық танытып, белсенді қатысқандар болды. «Мәдениеттің мәйегі – кітап» атты көрме-жәрмеңке ұйымдастырылып, «Кітап ab» дүкені көпшілік сұранысына не кітаптарды сатылымға шығарды. «Өнер әдебиеттерінің екінші тынысы» атты акция аясында оқырмандар өнер әдебиеттерінен кітапханаға тарту сый жасаса, «Ұлттық нақыштар мен жауһарлар» тақырыбындағы этноландан көпшілік көрермен қазақ халқының мәдени мұрасымен, салт-дәстүрімен, көне жәдігерлерімен танысып фотосессия жасауға мүмкіндік алды. «Менің сүйікті кейіпкерлерім» сурет байқауында болашақ қылқалам шеберлері өз қиялынан туған дүниелерін бейнеледі. Бүлдіршіндердің бедерлі бейнелері көпшіліктің назарын аудармай қоймады.

Кітап фестивалін зиялы қауым өкілдері, оқытушылар, жастар, кітапхана оқырмандары, жоғары оқу орындары және колледж студенттері, мектеп оқушылары, БАҚ өкілдері қатысып тамашалады.

Ж.ҚАСЫМ

МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ҚАУІПТІ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕР ҮШІН ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің басты мақсаты – Мұнай және газ өнеркәсібінің өндірістік нысандарында қауіпті оқиғаларды болдырмау мен апатты жағдайлардың алдын алуды көздейді. Өнеркәсіптік қауіпсіздік-өндірістік қауіпсіздікті бақылауды қамтамасыз етумен атқарылады.

Өндірістік қауіпсіздікті бақылау – өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесінің бір бөлігі және мұнай және газ өнеркәсібінің қауіпті өндірістік нысандарының қызметін қауіпсіздендіру, олардағы апаттық жағдайлардың алдын алу, апатты жағдайлар бола қалған жағдайда, келген зардабын жоюдың кешенді шараларын жүзеге асырады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті сақтауды бақылау шараларының міндеті - Мұнай және газ өнеркәсібіндегі қауіпті өндірістік нысандардағы өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуын қадағалау, сонымен қатар өндірістік жұмыстың ахуалына ықпал ететін, қауіпсіздік

талаптарының бұзылу себептерін анықтау болып табылады. Өндірістік бақылауды жүзеге асыруда мынадай міндеттер шешіледі: Қазақстан Республикасы құқықтық-нормативтік актілеріндегі және басқа да заңдармен бекітілген өнеркәсіп қауіпсіздігі талаптарының тұрақты орындалуын қамтамасыз ету; өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайының бұзылуына әкелетін себептерді анықтау; қауіпті өндірістік нысандардағы өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайына сараптау жүргізу; өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайының бұзылуы мен үшінші тұлғалардың жасаған залалын жою, қоршаған ортаны ластаудың алдын алу шараларын жасау; қауіпті өндірістік

нысандардағы технологиялық тоқтап қалуды, апаттық жағдайдың алдын алу, қабарлау, жұмысын үйлестіру сонымен қатар болған апатты жағдайлардың залалын жою; қауіпті өндірістік нысандардағы қолданылатын техникалық құрылғылардың сынағын өткізу, бақылау және өлшем құрылғыларының жөндеуі мен уақытында тексерілуін қамтамасыз ету; технологиялық тәртіптердің тұрақты бақылауын орнату; өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайына ықпал ететін факторларды анықтау; өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайына ықпал ететін факторлардың анықтау; өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайының анализі; өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайының жақсартуға және үшінші тұлғаларға, қоршаған ортаға келтіретін зияндарды болдырмауға бағытталған

шараларды әзірлеу; өндірістік қауіпті нысандарында авариялар, қаттығыстар, технологиялық іркілістерді алдын ала ескертуге және оларды оқшаулау мен жоюға бағытталған жұмыстардың координациясы; технологиялық тәртіпті сақтауды үнемі бақылауда ұстау; өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайына тексерулер өткізу және өндірістік зиянды факторларды анықтау; өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында өнеркәсіп жұмысшыларының аттестациялау және оны ұйымдастыру және бақылау.

Есіңізде болсын: Өнеркәсіптік қауіпсіздікті сақтауды ұмытпайық!

Рахымжан ЗАЛПЕВ,
ҚР ТЖМ өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібіндегі, магистральдық құбырлары және жару жұмыстарының мемлекеттік қадағалау бөлімінің бас маманы- мемлекеттік инспекторы

ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ДЕПАРТАМЕНТІНДЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ «Е-ҚАРЖЫМИНІ» ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР МЕН МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ЕСЕПКЕ АЛУ

Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің қаржылық қамтамасыз ету бөлімімен 2013 жылдан бастап орталықтандырылған бухгалтерия негізінде «Е-Қаржымині» ИААЖ «Бухгалтерлік есеп» жүйесінде жұмыс атқарып келеді. Бүгінгі күнде бухгалтерлік есептілік толықтай интеграцияланған. «Бухгалтерлік есеп» кіші жүйесі мынадай негізгі функцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді: 1) Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі бойынша қаржыландыру жоспарын орындау жөніндегі мерзімді және жылдық бухгалтерлік есептілікті жинақтау;

• ұйымның негізгі құралдарын есепке алу;

• материалдық емес активтерді есепке алу;

Негізгі құралдарды есепке алу

жөніндегі операциялар, есепке алу, беру, есептен шығару тиісті құжаттармен тіркеледі. Негізгі құрал кәсіпорында әртүрлі тәсілдермен пайда болуы мүмкін, оны сатып алу және кейіннен пайдалануға беру нәтижесінде, құрылыс нәтижесінде, монтаждау нәтижесінде. Негізгі құралды сатып алуға және монтаждауға байланысты қосымша шығындарды тіркеу және оларды негізгі құралдың бастапқы құнында көрсету мүмкіндігі беріледі.

Есепке алуын негізгі құралын қабылдау кезінде ақпараттық базаға бухгалтерлік есепке алу және кейіннен амортизацияны есептеу үшін қажетті мәліметтер енгізіледі.

• Автоматтандыру арқылы ағымдағы қалдықтарды, активтердің күйін, түтендеу нәтижелерін және басқа ақпаратты жылдам қарауға;

• объект туралы қажетті есепті немесе ақпаратты, оның ішінде онлайн режимінде алу мүмкіндігі;

• қателерді азайту;

• жылдам түгендеу, негізгі құралдарды тіркеу;

• амортизацияны автоматты түрде есептеу және сомаларды тауарлар мен қызметтердің өзіндік құнына енгізу;

• қызметкерлердің уақыты мен күш-жігерін үнемдеу, сол арқылы олардың жұмысының тиімділігін арттыру;

• анық бухгалтерлік, салықтық, қаржылық және аналитикалық есеп қалыптастыруға мүмкіндік береді.

А.ЕРДЕСБЕКОВ,
Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті «Қаржылық қамтамасыз ету» бөлімінің басшысы

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА 49,7 МЛРД. ТЕҢГЕ АУДАРДЫ

Жүйе іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен 2023 жылдың 1 сәуірі дейінгі аралықта Қызылорда облысының тұрғындары Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 49,7 млрд. теңге аударды, оның 30,8 млрд. теңгесі жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалған 18,9 млрд. теңге - жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі, - деп хабарлады «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Жинақталған қаржы сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген Ұлттық банкте сақталады және МӨМС пакеті шеңберіндегі қызметтер ақысын төлеуге жұмсалуда.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
Егиншибаева Анар
Жақысбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Сыдықова
Жанар
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № ҚЗ36/ВР00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Байтұрсынов
көшесі 46/36
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62. Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Таралымы 5920 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №87

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/